Жылу мөлшері. Қоспаның температурасы.

1. Жылу баланс теңдеуі нені білдіреді?

2. Қандай құбылыс жылу берілу деп атайды?

3. Калориметрдің құрылысы қандай және ол не үшін керек?



Есептер шығару:

1. 1,2 кг суды 8°C-тан 16°C-қа дейін қандай жылу мөлшерімен қыздыруға болады?
($c=4,2 \text{ кДж/кг}^\circ\text{C}$)

2. Массасы 16 кг шойын кесекті 22°C-тан 980 °C-қа дейін қыздыруға қанша жылу мөлшері жұмсалды? ($c=14,2 \text{ кДж/кг}^\circ\text{C}$)

3. Массасы 200 г ыстық шай (80°C) бөлме температурасынан (20°C) дейін суығанда, қанша жылу мөлшерін жоғалтады? ($c=4200 \text{ Дж/кг}^\circ\text{C}$)

4. Массасы 500 г темір ыдысқа температурасы, көлемі 3,5 л су құйылған. Олардың темп -
ратуралары бірдей және 85°C болуы үшін қанша жылу мөлшері берілуі керек?
($\rho_{\text{су}}=1000 \text{ кг/м}^3$, $c_{\text{су}}=4,2 \text{ кДж/кг}^\circ\text{C}$, $c_{\text{темір}}=7,8 \text{ кДж/кг}^\circ\text{C}$)

5. Массасы 3 кг кірпіштің температурасын 50° C- қа төмендеткенде, 113,4 кДж энергия бөліп шығарады. Кірпіштің меншікті жылу сыйымдылығы неге тең?

6. Массалары m , сыйымдылықтары бірдей c екі дене бір-біріне қарай ϑ және 3ϑ жылдам-
дықтарымен қозғалып келіп, абсолют серпімсіз соқтығысады. Осы соқтығысу нәтижесінде
денелердің температурасының өзгерісі Δt

7. Ұзындығы 50 м, ені 12 м және тереңдігі 5 м бассейндегі суды 15° C-тан 25° C-қа дейін жылытқанда, қанша жылу мөлшерін алады? ($\rho_{\text{су}}=1000 \text{ кг/м}^3$, $c_{\text{су}}=4,2 \text{ кДж/кг}^\circ\text{C}$)

8. Температурасы 42°C , массасы 6 кг суға температурасы 72°C , массасы 4 кг су құйды. Оған тағыда, температурасы 18°C , массасы 20 кг су құйылса, қоспаның температурасы қандай болады?

9. Әрқайсысының массасы 20 г, температурасы 18°C алюминийден жасалған 150 қасықты жуу үшін ішінде 3 л ыстық суы бар ыдысқа салды. Қасықтардың бәрі лезде 48°C -қа дейін ысыды. Осы уақыт ішінде су неше градусқа суыды? ($c_{\text{су}}=4200 \text{ Дж/кг}\cdot^{\circ}\text{C}$, $c_{\text{ал}}=920 \text{ Дж/кг}\cdot^{\circ}\text{C}$)

10. Температурасы 25°C болатын 250 л су температурасы 85°C , 80 л сумен араластырылған. Қоспаның температурасы қандай?

11. Жалпы массасы 150 г, температурасы 100°C қорғасын мен алюминий ұнтағы ішінде суы бар калориметрге салынды. Судың температурасы 15°C , массасы 230 г. Ұнтақ салынғаннан кейін ақырғы температурасы 20°C болды, калориметрдің жылу сыйымдылығы $42 \text{ Дж}\cdot^{\circ}\text{C}$. Қоспада қанша қорғасын және қанша алюминий болған? ($C_{\text{кор}}=130 \text{ Дж/кг}\cdot^{\circ}\text{C}$, $c_{\text{алюмин}}=880 \text{ Дж/кг}\cdot^{\circ}\text{C}$, $c_{\text{су}}=4200 \text{ Дж/кг}\cdot^{\circ}\text{C}$)

12. Сыйымдылығы 300 л ваннаны жуынуға дайындау үшін 5°C салқын суды 71°C ыстық сумен араластырды. Температура 35°C болу үшін судың әрқайсысынан қандай көлемде алу керек?

13. Жалпы массасы 50 г, температурасы $136,4^{\circ}\text{C}$ қорғасын мен мырыш ұнтағы ішінде суы бар калориметрге салынды. Калориметрдегі судың температурасы 14°C , ал массасы 100 г ұнтақ салынғаннан кейін ақырғы температурасы $17,75^{\circ}\text{C}$ болды. Калориметрдің жылу сыйымдылығы болса, қоспада қанша қорғасын және қанша мырыш болған? ($c_{\text{кор}}=11400 \text{ Дж}\cdot^{\circ}\text{C}$, $c_{\text{мырыш}}=7000 \text{ Дж/кг}\cdot^{\circ}\text{C}$)

14. Массасы 3 кг су температурасы 10°C , суға массасы 0,9 кг, ал температурасы 155°C -тағы дене салынды. Қоспаның температурасы 15°C болса, дененің меншікті жылу сыйымдылығы неге тең? ($c=4200 \text{ Дж}\cdot^{\circ}\text{C}$)

15. Массасы 0,15 кг жез калориметрдің ішінде массасы 0,2 кг, температурасы су бар. Оған массасы 0,26 кг, температурасы 100°C болат кесегі салынды. Қоспаның температурасы қандай? ($c_{\text{жез}}=7800 \text{ Дж}\cdot^{\circ}\text{C}$, $c_{\text{су}}=4200 \text{ Дж}\cdot^{\circ}\text{C}$, $c_{\text{болат}}=7800 \text{ Дж}\cdot^{\circ}\text{C}$)

16. Калориметр ішінде массасы 120 г жез ыдыста температурасы 22°C 160 мл су бар. Осы суға массасы 85 г металл құймасынан жасалған 75°C шар салынды. Осыдан кейін калориметрдегі температура 27°C болды. Құйманың меншікті жылу сыйымдылығын есепте. ($c=4200 \text{ Дж}\cdot^{\circ}\text{C}$, $c=380 \text{ Дж}\cdot^{\circ}\text{C}$)

17. Массасы 100 г шыны ыдысқа массасы 200 г су құйылды. Бұл екеуінің температурасы 75°C . Осы ыдысқа массасы 80 г, температурасы 15°C күміс қасық салынса судың температурасы қалай өзгереді? ($c_{\text{шыны}}=2500 \text{ Дж}\cdot^{\circ}\text{C}$, $c_{\text{су}}=4200 \text{ Дж}\cdot^{\circ}\text{C}$, $c_{\text{күміс}}=10500 \text{ Дж}\cdot^{\circ}\text{C}$,)

25-сабақ

Жылу қозғалтқыштары

1. Жылу қозғалтқыш деп нені айтамыз - _____

2. Қандай цикл тура?

3. Қандай цикл кері деп айтады?

4. Тоңазтқыш машиналар қалай жұмыс жасайды?

5. Карно циклі дегеніміз не?

6. Карноның жылу машинасының ПӘК-ін қорытып шығарыңдар



7. Жылу машинасының ПӘК-ін арттырудың қандай жолы бар?

8. Карно циклі формуласы

9. Барлық жылу машинасының тура циклде жұмысының ПӘК-і формуласы:

10. Жылу процесінің қайтымсыздығын және бағытын сипаттайтын заң.

Термодинамиканың екінші
заңының тұжырымдамасы



Есептер шығару:

1. $\eta = ?$ $T_1 = ?$ Қыздырғыштың температурасы 390 К, ал суытқыштың температурасы 300 К. Жұмыстық дене 1 сек-та қыздырғыштан $6 \cdot 10^4$ Дж жылу алып отырса, жылу машинасының ПӘК-і және қыздырғыштың қуаты.
2. Жұмыстық дене қыздырғыштан алған әрбір килоджоуль энергияның арқасында 300 Дж жұмыс атқарады. Суытқыштың температурасы 290 К. Жылу машинасының ПӘК-і және қыздырғыштың температурасы.
3. Карно циклымен жұмыс істейтін идеал машина бір циклда 735 кДж жұмыс жасады. Қыздырғыштың температурасы 100°C , ал салқындатқыштікі 0°C . Машинаның бір циклда қыздырғыштан алатын жылу мөлшері.
4. Идеал жылу машинасының қыздырғышының температурасы 117°C , ал тоңазытқыштікі 27°C . Егер қыздырғыштан 1с ішінде алатын жылу мөлшері 60 кДж болса, машинаның ПӘК-і және 1с ішінде тоңазытқышқа берілетін жылу мөлшері.
5. Қыздырғыштың температурасы 800 К, ал суытқыштікі – 300К. Жылу двигателі ПӘК-нің мәні.
6. Идеал жылу машинасында қыздырғыштан алынатын әр килоджоуль энергия есебінен, 300 Дж жұмыс атқарылады. Егер тоңазытқыш температурасы 280 К болса, машинаның ПӘК-і мен қыздырғыштың температурасы.
7. Тоңазтқыштың температурасы 27°C . ПӘК-і 80% идеал жылу машинасы қыздырғыштың температурасы.

8. Жылу машинасының қыздырғышының температурасы 520°C , ал суытқыштікі -20°C . Қыздырғыштан 10^7 Дж тең жылу мөлшері алынса, идеал машинаның жұмысы.
9. Бу турбиналарының будың бастапқы және ақырғы температуралары шамамен мынадай $T_1=1000\text{ K}$, $T_2=500\text{ K}$. Осы температурадағы бу турбиналарының ПӘК-інің ең жоғары мәні.
10. Егер идеал жылу машинасына берілген аса қызған будың температурасы 500°C , ал машинадан шығарылғанда 100°C болса, онда машинаның ПӘК-і.
11. Идеал жылу двигателі қыздырғыштан 0,6 МДж жылу алып, тоңазтқышқа 0,2 МДж жылу береді. Двигательдің ПӘК-і.
12. Q_1 -қыздырғыштан алынған жылу мөлшері, Q_2 – тоңазтқышқа берілген жылу мөлшері. Жылу машинасының жұмысы.
13. Жылу машинасы 1 циклда қыздырғыштан 100 Дж жылу мөлшерін алып,тоңазытқышқа 75 Дж жылу береді. Машинаның ПӘК-і.
14. Жылу машинасы қыздырғыштан 100 кДж энергия алады, ал салқындатқышқа 70 кДж энергия береді. Осы машинаның ПӘК-і қандай?
15. ПӘК-і 4% жылу машинасы 3 кДж жұмыс атқарады.Жылу машинасы қыздырғыштан қандай жылу мөлшерін алған?
16. Идеал жылу двигателі қыздырғыштан 0,6 МДж жылу алып, тоңазытқышқа 0,2 МДж жылу береді. Двигательдің ПӘК-і.
17. Қыздырғыштың температурасы 500 К, жылу машинасының ПӘК-і 0,44-ке тең. Тоңазытқыш температурасы.
18. Бу турбиналарының будың бастапқы және ақырғы температуралары шамамен мынадай $T_1 = 800\text{ K}$, $T_2 = 300\text{ K}$. Осы температурадағы бу турбиналарының ПӘК-інің ең жоғары мәні.
19. Жылу қозғалтқышының ПӘК-і 40%. Қозғалтқыштың қыздырғыштан алған жылу мөлшері оның салқындатқышқа берген жылу мөлшерінен неше есе көп?

26-сабақ

Сұйықтар мен газдардың қасиеттері. Булану және конденсация

1. Булану дегеніміз не?

2. Конденсация дегеніміз не?

3. Молекулалаық әрекет радиусы деген не?

4. Булану және конденсация кезінде дененің температурасы қалай және неге өзгереді?

5. Меншікті булану жылуының температураға тәуелділігін түсіндіріңдер

6. Кебу дегеніміз не?

7. Кебу жыландығын қалай басқаруға болады?

8. Булану жылуының формуласы

9. Меншікті булану жылуы дегемініз не?



Есептер шығару:

1. Қайнау температурасындағы массасы 40 г суды буландыру үшін қанша жылу жұмсалады? ($L=2,3$ МДж/кг)
2. Бастапқы температурасы 18°C шәйнектегі судың қайнауы кезінде оның 1,2 литрі буланып кетті. Қанша жылу мөлшері босқа жұмсалды? $c_{\text{су}}= 4,2$ кДж/кг $^{\circ}\text{C}$, $t_{\text{сн}}=100^{\circ}\text{C}$, $L=2,3$ МДж/кг.
3. 100°C температурадағы 100 кг буды 0°C температурадағы массасы 1 т су арқылы жібергенде су қандай температураға дейін жылиды?
4. 3 кг температурасы 0°C суды қалыпты жағдайда қайнатып, буға айналдыру үшін қажетті жылу мөлшері? ($c_{\text{су}}= 4200$ Дж/кг $^{\circ}\text{C}$, $L=2,3$ МДж/кг).
5. Температурасы 100°C , массасы 10 г су буы конденсацияланғанда, оның ішкі энергиясы қаншаға өзгереді? ($L=2,3$ МДж/кг).
6. Массасы 2 кг, температурасы -25°C мұзды суға, ал алынған суды түгелдей буға айналдыру үшін қанша жылу мөлшері керек? ($c_{\text{су}}= 4200$ Дж/кг $^{\circ}\text{C}$, $L=2,3$ МДж/кг).
7. Температурасы 57°C , массасы 200 г сынапты буға айналдыруға кеткен жылу мөлшерін табындар? ($c_{\text{сын}}= 0,135$ кДж/кг $^{\circ}\text{C}$, $t_{\text{сн}}=357^{\circ}\text{C}$, $L=0,3$ МДж/кг).
8. Массасы 1 кг, температурасы 100°C су буы конденсацияланғанда бөлінетін энергияны пайдаланып, судың қандай массасын 0°C -тан 60°C -қа дейін ысытуға болады? ($c_{\text{су}}= 4200$ Дж/кг $^{\circ}\text{C}$, $L=2,3$ МДж/кг)
9. Спирт шамына құйылған 80 г спирт толық жанғанда бөлініп шығатын энергия температурасы 100°C , массасы 450 г суды түгел буландыруға жете ме? Спирт шамының ПӘК-і 25%.
10. Массасы 0,7 кг судың температурасын 20°C -дан 100°C -қа дейін қыздырып, 200 г суды буға айналдыру үшін жұмсалатын энергия ($c_{\text{су}}= 4200$ Дж/кг $^{\circ}\text{C}$, $L=2,3$ МДж/кг).
11. 10°C температурадағы 5 т суды 50°C -қа дейін көтеру үшін оған 100°C температурадағы қанша бу жіберу керек? ($c_{\text{су}}= 4200$ Дж/кг $^{\circ}\text{C}$, $L=2,3$ МДж/кг).
12. ПӘК-і 75% газ плитасында 21 кг газды толық жағып, қанша суды қайнау температурасына дейін жеткізуге болады? Судың бастапқы температурасы 20°C -қа тең. ($c=4200$ Дж/кг $^{\circ}\text{C}$, $q=44$ МДж/кг).
13. 10°C температурадағы 5 т суды 100°C -қа дейін қыздырып, оның 1 т-сын буға айналдыру үшін қанша көмір жағу керек? ПӘК-і 60%. ($c=4200$ Дж/кг $^{\circ}\text{C}$, $L=2,3$ МДж/кг, $q=30$ МДж/кг).

27-сабақ

Будың қасиеттері. Қайнау. Заттың кризистік температурасы.

1. Қаныққан бу дегеніміз не?

2. Қанықпаған бу дегеніміз не?

3. Қайнау дегеніміз не?

4. Қайнау температурасы мен қайнау нүктесінің айырмашылығы неде?

5. Қайнау температурасының қысымға тәуелділігі қандай?

6. Ауаның абсолют ылғалдылығы дегеніміз не?

7. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы дегеніміз не? Формуласы

8. Гигрометр дегеніміз не?

9. Психрометр дегеніміз не?



Есептер шығару:

1. 25°C -дегі су буының тығыздығы 23 г/м^3 -гетең. Бұл қаныққан бу ма, әлде қанықпаған бу ма?
2. Су буының ауадағы парциаль қысымы 19°C -де $1,1 \text{ кПа}$ болды. Салыстырмалы ылғалдылықты табыңдар.
3. 5 м^3 ауада 80 г бар . Абсолют ылғалдылықты табыңдар.
4. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% , ал температурасы 17°C . Ауаның абсолют ылғалдылығы неге тең?
5. Көлемі 1 м^3 жабық ыдыста 10 г су бар . Судың температурасы 20°C . Бу қаныққан бола ма?
6. Сыйымдылығы 5 л жабық ыдыстың ішінде массасы 50 мг су буы бар . Бу қандай температурада қаныққан болады?
7. 20°C -де сынаптың қаныққан буының тығыздығы $0,02 \text{ г/м}^3$ -қа тең. Осы температурадағы бу қысымын табыңдар.
8. 0°C -де эфирдің қаныққан буының қысымы $24,7 \text{ кПа}$ -ға тең. Ал 40°C -де 123 кПа -ға тең. Осы температурадағы су буының тығыздығының мәндерін салыстырыңдар.
9. Ауаның температурасы 18°C , ал шық нүктесі 8°C , оның салыстырмалы ылғалдылығын табыңдар.
10. Кестеде қаныққан су буы тығыздығының температурадан тәуелділігі берілген. Температурасы 19°C ауаның 1 м^3 -де $10,6 \text{ г су буы болса}$, бөлмедегі ауаның салыстырмалы ылғалдығы.

Т, °C	16	17	18	19	20	21	22	23
$\rho, \text{ г/м}^3$	13,6	14,5	15,4	16,3	17,3	18,3	19,4	20,6

11. 100 кПа атмосфералық қысымда және 100°C ауа температурасында су буының парциал қысымы 20 кПа -ға тең. Ауаның салыстырмалы ылғалдығы.

12. Психрометрлік кесте

Құрғақ термометрдің көрсетуі, °C	Термометрдің құрғақ және ылғал көрсетулерінің айырымы, °C										
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Салыстырмалы ылғалдылық, %											
10	100	88	76	65	54	44	34	24	14	5	-
12	100	89	78	68	57	48	38	29	20	11	-
14	100	89	79	70	60	51	42	34	25	17	9

Құрғақ термометрдің көрсетуі 14°C, ал ылғал термометрдің көрсетуі 10°C болса, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы.

13. Ауаның температурасы 20°C. Ауадағы су буының 1160 кПа, ал осы температурадағы қаныққан бу қысымы 2330 кПа болғандағы ауаның салыстырмалы ылғалдылығы.

14. Цилиндр ыдыста ауданы 10 см² поршень астында температурасы 20°C су бар. Поршень 15 см орын ауыстырғанда судың қандай массасы буға айналады? $\rho_k = 17,3 \text{ г/м}^3$.

15. 25°C-дегі су буының тығыздығы 23 г/м³-ге тең. Бұл қаныққан бу ма, әлде қанықпаған бу ма?

16. 16°C-де кешке қарай ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 55%-ға тең. Егер түнде температура 8° C-ге төмендесе, шық түсе ме?
($\rho_k = 13,65 \text{ г/м}^3$, 160 C температурада; $\rho_k = 8,28 \text{ г/м}^3$, 80 C температурада).

17. 16°C-де үйдегі салыстырмалы ылғалдылық 65% болады. Егер су буының серпінділігі бұрынғы күйінде қалса, ауаның температурасы 4K-ге төмендеген кезде салыстырмалы ылғалдылық қалай өзгереді?
($\rho_k = 13,65 \text{ г/м}^3$, 160 C температурада; $\rho_k = 10,67 \text{ г/м}^3$, 12°C температурада).

18. Температурада 9,4 г/м³, 20°C температурадағы 17,3 г/м³)
10°C температурада ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%. Егер температура 20°C-қа жетсе, онда салыстырмалы ылғалдылықтың өзгерісі
(судың қаныққан буының тығыздығы 10°C).

19. 50°C-де (12,33 кПа) қаныққан су буының молекулаларының концентрациясы 5°C-пен (0,87 кПа) салыстырғанда қанша есе артық?

20. Атмосфералық қысымда қайнап жатқан су бетіне қарай көтеріліп келе жатқан көпіршіктердегі бу тығыздығы (100°C қаныққан бу суының қысымы 101,3 кПа, $R=8,31 \text{ Дж/К} \cdot \text{моль}$, $M=18 \cdot 10^{-3} \text{ кг/м}^3$).

21. Бөлме температурасы 17°C, салыстырмалы ылғалдылық 85%. Көлемі 100 м³ бөлмедегі ылғал мөлшері ($\rho_k = 14,5 \cdot 10^{-3} \text{ кг/м}^3$).

28-сабақ

Сұйықтың беттік қабатының қасиеттері

1. Беттік керілу дегеніміз ...

2. Мысал келтір.

3. Қандай жағдайда сұйық дене бетіне жұғады?

4. Қандай жағдайда сұйық дене бетіне жұқпайды?

5. Жұғатын сұйықты жұқпайтын сұйықтан қалай ажыратуға болады?

6. Қылтүтік құбылыстар дегеніміз ...

7. Ол қандай жағдайда байқалады?

9. Капиллярлық құбылыстар дегеніміз не?

10. Беттік керілу коэффициентінің формуласы:



Есептер шығару:

1. Диаметрі 1 мм вертикаль шыны түтіктен тамған судың температурасы 20°C болса, бір тамшыға әсер ететін ауырлық күші қандай болады?
2. Судың беттік керілу коэффициентін анықтау үшін сыртқы тесігінің диаметрі 2 мм тамызғыш қолданылады. 40 тамшының массасы 1,8 г. осы берілген бойынша есептегенде судың беттік керілу коэффициентін мәні қандай болады?
3. Диаметрі 0,7 мм капилляр түтікшедегі сұйық 4,65 см биіктікке көтеріледі. Беттік керілу коэффициенті 0,072 Н/м. осы сұйықтың тығыздығын тап.
4. Диаметрі 0,2 мм шыны капиллярмен су қандай биіктікке көтеріледі?
5. Диаметрі 0,6 мм капилляр түтікшедегі сұйық 4,25 см биіктікке көтеріледі. Беттік керілу коэффициенті 0,071 Н/м. Осы сұйықтың тығыздығын табыңдар.
6. Капилляр түтікшеде спирт 1,2 см көтеріледі. Түтікшенің радиусын табыңдар.
7. Радиусы 0,5 мм капилляр түтік арқылы сұйық 11 мм көтеріледі. Егер осы сұйықтың беттік керілу коэффициенті 22 мН/м болса, оның тығыздығы қандай болатынын табыңдар.
8. Білте суды 80 мм биіктікке көтереді. Осы білте бойымен спирт қандай биіктікке көтерілер еді.
9. Диаметрі 1,8 мм түтіктен тамып тұрған керосиннің температурасы 20°C болса, 1 см³ керосин неше тамшы болады?
10. Пипеткамен өлшеп көргенде 4 см³ майдан 304 тамшы шыққан. Тамызғыш мойынының диаметрі 1,2 мм, майдың тығыздығы $0,91 \cdot 10^3 \text{ кг/м}^3$. Майдың беттік керілу коэффициентін табыңдар.

29-сабақ

Қатты денелердің механикалық қасиеттері Кристалл және аморфты денелер. Деформацияның түрлері. Юнг модулі

1. Кристалл дегеніміз - _____

2. Аморф дегеніміз- _____

3. Кристалл және аморф дене қасиеттері: _____

4. Кристалл денелер қандай түрлерін білесіңдер ,анықамасы? _____

5. Кристалл және аморфты денелердің ұқсастығы мен айырмашылығын неде? _____

6. Тордың түйіндері деген не? _____

7. Деформацияның қандай түрлерін білесіңдер? Оларға мысал келтір.

8. Механикалық кернеу деген не? Формуласы қандай? _____

9. Юнг модулінің формуласы: _____

10. Абсолют ұзару дегеніміз не? Формуласы?

11. Топ түйіндері деген не? _____



12. Кеңістіктік торды қалай түсінесің? _____

13. Моно кристаллдар дегеніміз не? _____

14. Поли кристаллдар дегеніміз не? _____

15. Гук заңы және оның формуласы? _____

16. Төмендегі суретте қандай денелер берілген? қайсысы аморф? Қайсысы кристалл?



 *Есептер шығару:*

1. Диаметрі 2 мм сымға массасы 10 кг жүк ілінген. Сымдағы механикалық кернеуді табыңдар.
2. Болат арқанның салыстырмалы ұзаруы 0,001 болғанда пайда болатын кернеуді табыңдар.
3. Массасы 200 кг жүк әсер еткенде, ұзындығы 5 м, қимасының ауданы $0,8 \text{ см}^2$ болат шыбық қанша ұзарады?
4. Ұзындығы 10 м қимасының ауданы $0,75 \text{ мм}^2$ сымды 10 кг күш түсіре отырып созғанда 1 см ұзарған. Сымның заты үшін Юнг моді қандай?
5. Ұзындығы 3 м, қимасының ауданы 1 мм^2 жез сымды 1,5 мм ұзарту үшін қандай күш түсіру керек?
6. Ұзындығы 2 м алюминий сымды созғанда онда 35 МПа механикалық кернеу пайда болады. Салыстырмалы және абсолют ұзаруын табыңдар?

7. Диаметрлерінің айырмашылығы 3 есе болатын екі сым бірдей созылу күшіне ұшыраған. Олардағы пайда болған кернеулерді салыстырыңдар.
8. Ұзындығы 5 м және көлденең қимасының ауданы $2,5 \text{ мм}^2$ сым 100 Н күштің әсерінен 1 мм-ге ұзарған. Сымдағы кернеуді және Юнг модулін табыңдар.
9. Балық аулайтын қармақтың капрон бауының диаметрі 0,12 мм, үзілу жүктемесі 7,5 Н. Капронның осы сортының үзілуге арналған беріктік шегін анықтаңдар.
10. Егер болат таяқшаның диаметрі 2 см, ал оның Юнг модулі $2 \cdot 10^{11}$ Па болса, $3,14 \cdot 10^5$ Н күшпен қысылған болат таяқшаның салыстырмалы қысқаруы неге тең?
11. Диаметрі 0,8 мм жез сымның ұзындығы 3,6 м, 25 Н күш әсерінен сым 2 мм ұзарды. Жез үшін Юнг модулін анықтаңдар?
12. Бір ұшынан ілінген болат сым ауырлық күші әсерінен үзіліп кетпеуі үшін оның ұзындығы ең аз дегенде қандай болуы тиіс. Болаттың беріктік шегі $3,2 \cdot 10^8$ па, ал тығыздығы 7800 кг/м^3 .
13. Шыбық осінің бойымен бағытталған қандай күштің әрекетінен блокка 150 МПа механикалық кернеу пайда болады? Блоктың диаметрі 0,4 см.
14. Жүктемнің әрекетінен ұзындығы 5,4 м сым 2,7 мм-ге ұзарды. Сымның абсолют және салыстырмалы ұзаруларын анықтаңдар.
15. Ұзындығы 2 м алюминий сым созылғанда, 35 МПа механикалық кернеу пайда болады. Сымның салыстырмалы және абсолют ұзаруларын табыңдар.
16. Көтергіш кранның көтеретін жүгінің максимал массасы 10 т болса, болат арқанның диаметрі қандай болуы тиіс? Болат сымның беріктік шегі $8,5 \cdot 10^8$ Па, беріктік қоры 6-ға тең.
17. Блоктың жоғары жағы бекітілген, ал төменгі жағына салмағы 20 кН жүк ілінген. Блоктың ұзындығы 5 м, көлденең қимасының ауданы 4 см^2 . Егер $2 \cdot 10^4 \text{ Н/мм}^2$ болса, блок материалының кернеуін, абсолют және алыстырмалы ұзаруларын анықтаңдар.

30-сабақ

Балқу және кристаллдану

1. Меншікті балқу жылуы дегеніміз не?

2. Заттың балқу нүктесі дегеніміз не? _____

3. Қатты денелердің сублимациясы дегеніміз не? _____

4. Темір және мыстың балқу денелерді салыстыр? _____

5. Балқу және сублимацияға мысал келтір?

6. Заттардың балқуын білу біз үшін маңызы қандай

7. Балқу кезінде заттың температурасы қалай өзгереді?

8. Әртүрлі заттарды балқыту үшін бірдей жылу мөлшері қажет етеді ма?

9. Үштік нүкте дегеніміз не? РТ координаталарындағы заттың күйлері диаграммасын сал.

Тапсырма

1. Заттың белгілі бір агрегаттық күйіндегі атомдардың орналасу суретін салыңыздар да, мысал келтіріңіздер.

Қатты	Сұйық	Газ




Есептер шығару:

- 1,2 кг алюминий балқығанда ішкі энергиясы қаншаға артады? ($\lambda = 390$ кДж/кг).
- Температурасы 84°C , массасы 400 г мысты сұйық күйге айналдыру үшін қанша энергия қажет? ($t_{\text{балқу}}=1084^{\circ}\text{C}$, $\lambda=210$ кДж/кг; $c_{\text{мыс}}=380$ Дж/кг $^{\circ}\text{C}$).
- Егер энергия шығыны болмаса, 1 кг мұнайды жанғанда бөлінетін жылудың есебінен 0°C температурадағы қанша қорғасынды балқытуға болады? ($q=46$ МДж/кг; $\lambda=25$ кДж/кг).
- Массасы 4 кг мұз балқытылған кезде алынған мәліметтер төмендегі кестеде берілген. Егер қыздырғыштың қуаты 33,5 кВт болса, мұзды меншікті балқу жылуы (энергия шығыны жоқ).

t, c	0	20	40	60	80	100	120	140	160
t, $^{\circ}\text{C}$	-6	-4	-2	0	0	0	1	2	3

5. Меншікті балқу жылуы $87 \cdot 10^3$ Дж/кг болатын массасы 350 г күмісті балқу температурасында балқыту үшін қажетті жылу мөлшері?
6. Температурасы 40°C , массасы 250 г болатты сұйық күйге айналдыру үшін қанша энергия қажет? ($t_{\text{балқу}}=1400^{\circ}\text{C}$, $\lambda=82$ кДж/кг; $c_{\text{мыс}}=460$ Дж/кг $^{\circ}\text{C}$).
7. Балқу температурасынан 15°C -қа дейін суыған өлшемі $10 \cdot 15 \cdot 30$ см қорғасын плитасының бөлінген энергиясы ($t_0=327^{\circ}\text{C}$, $c=130$ Дж/кг $^{\circ}\text{C}$, $\rho=1400$ кг/м 3)

8. Суретте келтірілген график бойынша массасы 2 кг мұзды суға айналдыру үшін қанша жылу мөлшері қажет екенін есептендер.



9. Балқу температурасынан 32°C -қа дейін суыған өлшемі $3*4*6$ см қалайы бұйымының бөлінген энергиясы ($t_0=232^{\circ}\text{C}$, $c=230\text{Дж/кг}^{\circ}\text{C}$, $\rho=7300\text{ кг/м}^3$)

10. Температурасы -20°C , массасы 2кг мұзды 1,26 МДж жылу бере отырып, қыздырды. Қыздырғаннан кейінгі мұздың температурасы... ($t_0=0^{\circ}\text{C}$, $c=2100\text{ Дж/кг}^{\circ}\text{C}$, $\lambda=34\text{ кДж/кг}$)

11. Температурасы -20°C мұздан температурауы 20°C , массасы 5 кг су алу үшін қанша энергия қажет екенін есептеңдер?

($t_{\text{балқу}}=0^{\circ}\text{C}$, $\lambda=330\text{ кДж/кг}$; $c_{\text{мұз}}=2100\text{ Дж/кг}^{\circ}\text{C}$; $c_{\text{су}}=4200\text{ Дж/кг}^{\circ}\text{C}$)

12. Температурасы 40°C , массасы 250 г болатты сұйық күйге айналдыру үшін қанша энергия қажет? ($t_{\text{балқу}}=1400^{\circ}\text{C}$, $\lambda=82\text{ кДж/кг}$; $c_{\text{мыс}}=460\text{ Дж/кг}^{\circ}\text{C}$)

13. Массасы 300 г темір ыдыста 100 г қалайыны балқытылған. Егер олардың бастапқы температуралары 32°C , онда ыдысты қыздыру үшін және қалайыны балқыту үшін қанша жылу мөлшері жұмсалды?

($t_{\text{балқу}}=232^{\circ}\text{C}$, $\lambda=59\text{ кДж/кг}$; $c_{\text{темір}}=460\text{ Дж/кг}^{\circ}\text{C}$; $c_{\text{қалайы}}=230\text{ Дж/кг}^{\circ}\text{C}$)

14. Температурасы 50°C , массасы 400 г суды суытып және оны температурасы -20°C тағы мұзға айналдыру кезінде қанша энергия бөлінді?

($t_{\text{балқу}}=0^{\circ}\text{C}$, $\lambda=330\text{ кДж/кг}$; $c_{\text{мұз}}=2100\text{ Дж/кг}^{\circ}\text{C}$; $c_{\text{су}}=4200\text{ Дж/кг}^{\circ}\text{C}$)

15. Бастапқы температурасы 30°C , массасы 1,5 кг суға температурасы 0°C мұз кесегі салынған. Түгел еруі үшін қанша мұз салынуы керек?

($\lambda=330\text{ кДж/кг}$; $c_{\text{су}}=4200\text{ Дж/кг}^{\circ}\text{C}$)



LETS
LOGARIFM EDUCATION
& TRAINING SCHOOL

Call center:

+7 700 700 03 03

Instagram:

lets.atyrau

Сайт:

www.letsedu.kz

E-mail:

logos-kz@mail.ru